



МЕКСИКАНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

1-деңгей

PAYG DB
Ортақ зейнетақы жүйесі
(1997 жылға дейінгі еңбек өтілі бар қатысушылар үшін)
Федералдық бюджеттен қаржыландырылатын қарттық бойынша мемлекеттік зейнетақы (65 жас)



2-деңгей

DC міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесі
МЕКСИКАНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ НЕГІЗГІ ҚҰРАМДАУЫШЫ




3-деңгей

Жеке ерікті жинақтаушы жүйесі
(Зейнетақы жоспарының әкімшілері, банкілер, сақтандыру компаниялары, инвестициялық компаниялар)



GOBIERNO DE MEXICO

МІНДЕТТІ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ



Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің реттеушісі – CON SAR
үкіметтік органы (жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ұлттық комиссиясы)

Мексиканың зейнетақы жүйесі негізінен жеке меншік сектор жұмыскерлері (1997 жылы енгізілді) және мемлекеттік сектор жұмыскерлері (2007 жылы енгізілді) міндетті түрде қатысатын, белгіленген жарналары бар жинақтаушы құрамдауыштан (DC) тұрады. Ортақ зейнетақы жүйесі жинақтаушы зейнетақы жүйесі енгізілгенге дейін еңбекке кіркен тұлғаларға таралады.

Жеке меншік секторының жұмысшылары

PAYG DB (ортақ зейнетақы жүйесі) → 1997 жылғы реформа өту → DC (жинақтаушы зейнетақы жүйесі)

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі қамтылуы

Мемлекеттік сектордың жұмыскерлері

PAYG DB (ортақ зейнетақы жүйесі) → 2007 жылғы реформа өту → DC (жинақтаушы зейнетақы жүйесі)

Реформа жылы мемлекеттік сектор жұмыскерлеріне таңдау берілді:

- ✓ Бұрынғы ортақ зейнетақы жүйесінде қалу (85,8% осы опцияны таңдады)
- ✓ Жаңа жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қосылу (14,2% осы опцияны таңдады)

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ұлттық комиссиясы (CON SAR) жинақтарды сақтау және жинақтарды басқаруда бәсекелестікті ынталандыру мақсатында зейнетақы жоспарының әкімшілерінің (AFORES) жұмысына жетекшілік жасайды



AFORE 1 (зейнетақы жоспарының әкімшісі)



AFORE 2 (зейнетақы жоспарының әкімшісі)



AFORE 3 (зейнетақы жоспарының әкімшісі)

Накопительная пенсионная система Мексики включает две схемы социального обеспечения:



Мексиканың әлеуметтік сақтандыру институты (Instituto Mexicano del Seguro Social, IMSS)



Мемлекеттік қызметшілердің қауіпсіздігі және әлеуметтік қамсыздандыру мәселелері жөніндегі институт (Instituto de Seguridad y Servicios Sociales de los Trabajadores del Estado, ISSSTE)



Жеке меншік сектор жұмыскерлері



Мемлекеттік сектордың жұмыскерлері

Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмыскерлер міндетті зейнетақы жүйесінің қатысушылары болуға заңды міндеттемесі жоқ. Соған қарамастан (2005 жылдан бастап) олар AFORE (өз таңдауы бойынша) жеке ерікті зейнетақы шотын аша алады және ерікті зейнетақы жарналарын аудара алады.

Нақты экономика секторының жұмыскерлері жоғарыда аталған институттардың біріне тіркелуі тиіс, содан кейін олар өзінің зейнетақы жоспарының әкімшісін таңдау құқығын алады (AFORE).

ЖЕКЕ ЖИНАҚТАУШЫ ШОТЫ ЖӘНЕ ЖАРНАЛАР МӨЛШЕРЛЕМЕСІ

Әр жеке жинақтаушы зейнетақы шотына үш суб-шот кіреді:

ЖЕКЕ ЖИНАҚТАУШЫ ШОТЫ

ЗЕЙНЕТАҚЫ СУБ-ШОТЫ

Зейнетақы қаражатын қалыптастыру үшін жұмыскердің жұмыс берушінің және мемлекеттің міндетті жарналары аударылады

ЕРІКТІ СУБ-ШОТЫ

Жеке зейнетақы капиталын көбейту мақсатында жұмыскердің немесе жұмыс берушінің ерікті зейнетақы жарналары аударылады

ТҰРҒЫН ҮЙ СУБ-ШОТЫ

Тиісті тұрғын үй институты басқаратын жеке тұрғын үй шотына жұмыс беруші жұмыскерлердің пайдасына міндетті жарналарды (еңбекақыдан 5%) аударады: **INFONAVIT** - жеке меншік сектордың жұмыскерлері үшін; **FOVISSSTE** - мемлекеттік сектордың жұмыскерлері үшін.

Зейнетақы суб-шотына жарналардың мөлшерлемесі

Жұмыскер	Жұмыс беруші	Мемлекет	Жиынтығы
Жеке меншік секторының жұмыскерлері үшін	1,125%	5,15%	0,225%
Мемлекеттік сектордың жұмыскерлері үшін	6,125%	5,175%	11,3%

Үкімет жинақтаушы зейнетақы жүйесінің қатысушыларына қолдау көрсету және олардың жиынтық жинақталған балансын ұлғайту мақсатында жалпы жарнаны әлеуметтік квотамен (cuota social) толықтырады. Бұл квота мемлекеттік жарнаға (0,225%) қосымша төленді және еңбекақы деңгейіне тәуелді.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОСПАРЫНЫҢ ӘКІМШІСІН ЖӘНЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН БАСҚАРУШЫНЫ ТАҢДАУ:



Қатысушылар зейнетақы жоспарының әкімшісін жылына 1 рет ауыстыра алады. Ауысу үшін комиссия ұсталмайды.

Егер салымшы зейнетақы жоспарының әкімшісіне қатысты өз бетінше таңдау жасамаса, онда оның жеке шоты ұйғарым бойынша (уақытша негізде) белгілі кезең ішінде ең жоғары таза кірістілік белгіленген әкімшінің басқаруына беріледі.

Зейнетақы жоспарының әкімшілері қатысушылардың жеке шоттарынан комиссиялық алымдар ұстайды. Комиссия басқарудағы зейнетақы активтер сомасынан ғана ұсталады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесін енгізген кезде мемлекеттік қызметшілер үшін зейнетақы жоспарының арнайы әкімшісі тағайындалған болатын – PensionISSSTE, ол бастапқы үш жыл ішінде мемлекеттік қызметшілердің шоттарын басқарады. Мемлекеттік қызметшілер басқа әкімшіге үш жылдан кейін ғана ауыса алады.

Инвестициялық стратегиялар салымшының жасына қарай ерекшеленеді (өмірлік циклға негізделеді). Зейнетақы жасы жақындаған сайын зейнетақы активтері көбіне кірістілігі белгіленген құралдарға инвестицияланады

Акцияларға орналастыру лимиті	45% дейін	35% дейін	30% дейін	10% дейін
Қатысушылардың жас шамалары	36 дейін	37-45	46-59	60+

Қатысушылардың инвестициялық стратегиясы белгілі бір жасқа жеткен кезде автоматты түрде ауысады, алайда салымшылардың жасы бойынша тағайындалған стратегиядан басқа консервативтік стратегияны таңдау құқығы бар

БАЛАМАЛЫ МАҚСАТТАРҒА ЖИНАҚТАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МҮМКІНДІГІ:




Тұрғын үй суб-шотындағы қаражатты салымшылар бастапқы жарнаны қаржыландыру және бұдан былайғы төлемдерді өтеу үшін пайдалана алады.

Тұрғын үй суб-шотындағы жинақтар мұраға қалады және пайдаланылмаған жағдайда зейнетақы қаржыландыру үшін зейнетақы шотына аударылады.

Жұмыстан айырылу
Жұмыссыз жеке меншік және мемлекеттік сектордың жұмыскерлері, жұмыссыздық кезеңінің 46-шы күнтізбелік күніндегі жағдай бойынша жинақтарды ішінара алуға құқығы бар. Бұл құқығын қатысушылар бес жылда бір рет іске асыра алады. Алуға рұқсат етілген сома жеке шоттың ашылу мерзіміне тәуелді.

Үйлену
Жеке меншік сектор жұмыскерлері үшін ғана: некеге тұратын қатысушылар үйлену шығыстарын қаржыландыру үшін жинақтарды ішінара алуға құқығы бар (1 ең төменгі жалақы мөлшерінде). Бұл құқық өмірінде бір рет қана жүзеге асуы мүмкін.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМІ:



Көрсетілген талаптарға сәйкеспеген кезде жасы келгеніне байланысты зейнетақы алу үшін қатысушы 65 жасында барлық жинақтарын бір рет алуға құқығы бар.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН АЛУ

Зейнетақыны алуға құқығы туындаған кезде зейнетақы төлемдерінің мөлшері жеке зейнетақы шотындағы жинақтардың сомасына және тұрғын үй суб-шотындағы қалдыққа байланысты есептеледі.

Зейнетақы алу талаптарына жауап беретін барлық жұмыскерлер үшін (мемлекеттік және жеке меншік сектор) ең төменгі өмір бойғы аннуитеттік төлем бар. Егер жинақтар сомасы ең төмен деңгейдегі зейнетақыны қаржыландыру үшін жеткіліксіз болған жағдайда мемлекет осындай ең төменгі төлемге кепілдік береді. Кепілдік берілген зейнетақы ең алдымен жеке шотта жинақталған баланстан төленеді және қаражат таусылған кезде мемлекеттік бюджеттен қаржы бөлінеді.

Егер жинақтар ең төменгі деңгейдегі зейнетақыны қаржыландыру үшін жеткілікті болса, қатысушы төлемдердің екі нұсқасының бірін таңдайды:

ӨМІР БОЙҒЫ АННУИТЕТ
Қатысушы өмір бойғы аннуитетті сатып алу үшін өз таңдауы бойынша сақтандыру компаниясымен қайтарымсыз шартқа қол қояды. Бұл шарт бойынша қатысушы, инфляция бойынша индекстелетін, ай сайынғы өмір бойғы төлемді оған төлейтін сақтандыру компаниясына меншік құқығын береді. Өмір бойғы аннуитет кепілдік берілген ең төмен зейнетақыға тең немесе одан жоғары зейнетақыны алу үшін жеткілікті жинақтар сомасымен сатып алынуы мүмкін.

КЕСТЕ БОЙЫНША ТӨЛЕМ
Зейнетақы жинақтары сол бойы зейнетақы жоспарының әкімшісінде қала береді, оларға зейнетақы құқығы есептеле береді. Зейнетақы ай сайын таусылғанға төленеді. Ай сайынғы зейнетақының мөлшері ең төменгі кепілдік берілген зейнетақы деңгейінен төмен бола алмайды.

Егер қалдық баланс аннуитетті сатып алуға жеткілікті болса, қатысушы зейнетақы аннуитетін кез келген уақытта сатып ала алады.

БАСҚАСЫ

60-64 жас 60 жастан 64 жасқа дейін зейнеткерлікке ерте шығу, егер қатысушы: еңбек қызметін жалғастырмаса; жеке меншік сектор жұмыскерлері үшін 1250 аптаға және мемлекеттік сектор жұмыскерлері үшін 25 жылға тең жарналарды аударудың ең аз кезеңі болса ғана мүмкін болады.

ӨТПЕЛІ ҚАТЫСУШЫЛАР
Жеке меншік сектордағы өтпелі қатысушылар – 1997 жылдың 1 шілдесіне дейін қолданылған үлестіруші зейнетақы жүйесінде зейнетке істеген және қатысқан адамдар (PAYG). Олар 1997 жылдың 1 шілдесінен кейін міндетті жинақтаушы зейнетақы жүйесі бойынша аударылатын жарналарды аудару бастағанына қарамастан, оларда зейнетақыны есептеудің ескі формуласы бойынша есептелетін зейнетақыны таңдау құқығы сақталады (DB). Ескі формула бойынша зейнетақыны есептеуді таңдаған жағдайда жинақтардың бір бөлігі төлемдерді жүзеге асыру үшін мемлекетке аударылады, ал бір бөлігін біржолғы төлейді.

МЕКСИКАНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ

Жарнаның мөлшерлемесін 6,5%-дан 15%-ға дейін 8 жыл ішінде біртіндеп көтеру жоспарланып отыр (Мексика Үкіметінің өтінші бойынша 13,87%-ға дейін ұлғаяды).

1250 аптадан бастап 750 аптаға дейін зейнетақыға құқық алу үшін қажет апталардың санын қысқарту жоспарлануда.

Мексика Үкіметі орташа статистикалық жұмыскер үшін зейнетақының мөлшері 40% ұлғаяды деп болжап отыр (жұмыс берушінің жоғары жарнасының есебінен).

Мексика Үкіметі зейнетақы жоспарының әкімшілері (Afores) халықаралық деңгейлерге сәйкес комиссиялық алымдардың мөлшерін ерікті түрде азайту үшін олармен келіссөздерді жалғастыруда жоспарлап отыр.